


**МКҚК «Алматы мемлекеттік энергетика және электронды  
технологиялар колледжі»**

## ***АНЫҚТАМА - ЖОЛСІЛТЕМЕ***



АЛМАТЫ

МКҚК «Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжі» **Студенттің анықтамалық-жолсілтемесі**

Анықтамалық-жолсілтегіштегі ақпарат студентке көмекке арналған және білім алушыларды колледж қызметінің ерекшеліктерімен таныстырады, оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібін, аралық және қорытынды білімді бақылауды сипаттайды, студенттердің ішкі тәртіп ережелерін, олардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды.

«Анықтамалық-жолсілтеме» жаңадан келген топтарға беріледі.

## МАЗМҰНЫ:

1.	ТАРИХИ АНЫҚТАМА ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ	4
2.	БІЗДІҢ МАМАНДЫҚТАР	5
3.	КОЛЛЕДЖ МИССИЯСЫ	7
4.	БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ	8
5.	БІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТЕРІМІЗ	9
6.	КОЛЛЕДЖ ӘКІМШІЛІГІ	10
7.	СТУДЕНТТІК КҮНТІЗБЕ	11
8.	КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ	12
9.	СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ	15
10.	БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ МЕН ТӘРТІБІ	15
11.	КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІНІ ПАЙДАЛАНУ	15
12.	КІТАПХАНАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ	16
13.	ҚОҢЫРАУ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ Т. Б.	18

## ТАРИХИ АНЫҚТАМА ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

Энергоқұрылыс техникумы 1964 жылдың 1 қыркүйегінде ашылды. Техникумның ұйымдастыру жұмысы бірінші директор В.Д. Майоровтың басқаруымен өтті. 1988 жылдан 2007 жылға дейін колледжді А.И. Ананьев басқарды. Техникумның ашылуынан бастап күндізгі, кешкі және сыртай оқу бөлімдері құрылды. 1993 жылы құрылыс бөлімі Алматы құрылыс және менеджмент техникумына аударылды және электрқұрылыс техникумы мен кешкі аспап жасау техникумы біріктіріліп, энергетика және электронды аспап жасау техникумы болып өзгертілді. 2007 жылдан бастап колледжді техника ғылымдарының кандидаты Тайтулеев Төлеуғали Мухамеджанұлы басқарып келеді. 2008 жылы колледж «Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжі» болып аталды.

2019 жылы «Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжі» 55 жылдық мерейтойын атап өтті. Өзіндік тарихы мен дәстүрі бар колледж қалыптасу барысында бірнеше кезеңдерден өтіп, қазіргі таңда алдыңғы қатарлы, энергетика саласындағы еңбек нарығының талаптарын қанағаттандыратын, жоғары мамандарды дайындайтын оқу орнының бірі болып саналады. Алматы қалалық колледждер Ассоциациясының мүшесі және Республикалық энергетика саласында кадрларды дайындауда «Үздік оқу орны» конкурсында бас жүлдені жеңіп алды.

Колледжде оқыту күндізгі және сырттай бөлімдерде жүргізіледі, оқыту тілдері - мемлекеттік және орыс тілдерінде. Оқу орнында 127 оқытушы, 2593 студент бар.

Хабарласу жүйесі (пошталық мекен-жай, телефон нөмері, факс, электрондық пошта, мекен-жайы) 0500336 Алматы қаласы . Жандосов көшесі № 65. Тел.факс :8 (727) 309-25-19.  
e-mail: [www.aker65.kz](http://www.aker65.kz) [agke\\_i\\_et@mail.ru](mailto:agke_i_et@mail.ru)

## БІЗДІҢ МАМАНДЫҚТАРЫМЫЗ

Колледж Алматы қаласы Білім саласындағы бақылау Департаментімен берілген ТЖКББ саласында білім беру қызметін жүргізу құқығына 15.06.2011 ж. № 11018193 мемлекеттік лицензиясына сәйкес келесі мамандықтар мен біліктіліктер бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады:

1. 0901000 «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары / түрлері бойынша/» Біліктілігі: 0901043 "Техник-электрик", 0901022 – « Электр станцияларының электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі»
2. 0906000 «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» 0906033 " Техник-энергетик"
3. 1306000 «Радиоэлектроника және байланыс» / түрлері бойынша/ Біліктілігі: 1306103 «Техник-радиомеханик /түрлері бойынша/» Біліктілігі:1310000 "Электроника"
4. 1305000 «Ақпараттық жүйелер» /қолдану саласы бойынша/ Біліктілігі:1305023 " Техник-бағдарламашы",1305011 " Дизайнер"
5. 0515000 «Менеджмент» / қолдану салалары бойынша/ Біліктілігі: 0515013 " Менеджер"
6. 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету» / салалар бойынша/» Біліктілігі: 0902033 " Техник-электрик"
7. 1013000 «Механикалық өңдеу, бақылау-өлшеу аспаптары және өнеркәсіптегі автоматика». Біліктілігі: 1013073 " Техник-механик"
8. 0913000 «Энерго менеджмент». Біліктілігі: 0913013 " Энергия кәсіпорын менеджері ".

## **КОЛЛЕДЖ МИССИЯСЫ**

**Колледж миссиясы:** «Жоғары білікті, әлеуметтік және кәсіби ұтқыр мамандарды даярлау саласында көшбасшы болу».

**Колледждің сапа саласындағы саясатының мақсаты:** Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мақсатында қазақстандық және халықаралық сапа стандарттарына сәйкес білім беру қызметтерін ұсыну.

Басшылық колледж қызметінің барлық бағыттарында ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына жауап береді, мақсаттардың біртұтастығын, қызметкерлердің қанағаттануын және оның мақсаттарға жету үдерісіне тартылуын қамтамасыз етеді. Саясат басқарудың барлық деңгейлерінде іске асырылады және қажет болған жағдайда талдауға және қайта қарауға ұшырауы мүмкін. Бұл ретте әрбір қызметкер өз өкілеттігі шегінде өз жұмысының сапасы үшін жауапты болады.

Колледж барлық мүдделі тараптардың – талапкерлердің, студенттер мен олардың ата-аналарының, әлеуметтік серіктестердің, оқытушылардың, атқарушы билік органдары басшыларының талаптарын қанағаттандыруға бағытталған.

## **БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ**

- Энергетика саласы үшін кадрлар даярлау бойынша «ТжКББ Үздік оқу орны» Республикалық конкурсының Гран-при иегері;
- Дүниежүзілік Даму Банкі грантының иегері 2014, 2015 жж.;
- ISO 9001:2008, ISO 9001:2016 халықаралық сертификатының иегері;
- Оқу орны ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру бойынша еліміздің 10 жетекші колледждерінің қатарына енгізілді -2015 жыл;
- 2012 ж. дуалды жүйе және модульдік білім беру бағдарламалары бойынша білім беруде;
- 60-тан астам оқытушы мен қызметкерлер біліктілігін арттыру курстарынан және әлемнің 19 елінде тағылымдамадан өтті;
- 50 кәсіпорынмен тәжірибеден өту бойынша келісім-шарт жасалды;
- 2016 бастап колледж «Энергетика» бейіні бойынша ОӘБ;
- Колледж оқытушылары жалпы білім беру және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша Типтік оқу бағдарламаларының авторлары;
- «Үздік педагог -2015» қалалық байқауында энергетикалық пәндер оқытушысы Булшекбаева Г. Б. 1 орын;
- 2016 ж. Республикалық интерактивті сабақтар конкурсында радиотехникалық пәндер оқытушысы Сагитов Д.Г. 1 орын ;
- Колледж студенттері арасында «Тұран – Үміті 2016» қалалық ғылыми жұмыстар байқауында 11 жүлделі орын;

- «Электромонтаж жұмыстары» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Kazakhstan – 2016» Республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында Орынбай Саламат 1 орын;
- ҚР Білім және ғылым саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Табысты менеджер – 2017» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында өткізілген Республикалық конкурста колледж директоры Тайтулеев Т. М. 1 орын;
- «Үздік педагог-2018» қалалық байқауында энергетикалық пәндер оқытушысы Абильмажинова А. Ж. 1 орын;
- Республикалық «Worldskills Kazakhstan-2018» чемпионатында «Электромонтаж жұмыстары» біліктілігі бойынша Нурсейт Бегалы 3 орын;
- ТЖКББ студенттері арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы жастар ұйымдарының рөлі» атты қалалық эссе сайысында Қамбар Дәурен 1 орын, жетекшісі Ушурова Г. А. 2018 жыл;
- «Дарабоз» оқу орталығы Абдрасилова З. Т. ұйымдастырушы;
- Алматы қ. колледж студенттері арасында «Мен – кәсіпкермін» VIII қалалық іскерлік экономикалық ойын 2 орын, З. Т. Абдрасилова жетекшілігімен, 2018 жыл;
- «Мұрагер» интеллектуалды білім беру порталы ұйымдастырған «Үздік ашық сабақ-2018» Республикалық дистанциондық байқауында оқытушы Солтабаева К. Е. 2 орын»;
- Әуезов ауданының студенттері арасында «Күзгі бал- 2018» ;
- Жайдарман – 2018 «Республикалық супер – лигасы 3 орын»;
- Колледж арасында футбол бойынша ҚР чемпионатында 1 орын (2017, 2018 жж );
- Колледж студенттері арасында футбол бойынша Алматы қ. чемпионатында 1 орын-2018 жыл;
- 1 орын "Энергоколледж" командасы футбол бойынша әуесқойлар арасындағы Алматы қ. чемпионатында, 2018 жылы 2 орын;
- ҚР үздік командалары арасындағы республикалық турнирде 3 орын, Астана қ.-2018 ж. ;
- "Тұран – Үміті-2019" колледж студенттері арасында қалалық ғылыми жұмыстар байқауында 23 жүлделі орын» ;
- Scienceandbussines" Республикалық конференциясында Шабден Еламан 3 орын "-2019 жыл;
- "Ақпараттық технология-дамудың жаңа көкжиектері" атты қалалық ғылыми – практикалық конференцияларда 2 орын - Кәкенов Бектұрсын-2019 ж.;
- "Жас маман" байқауында қоғамдық пәндер оқытушысы Нургалдиева А.1 орын 2019 ж.

## БІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТЕР

- «Алматы Энерго Сервис» ЖШС полигонды құрылғыларды жөндеу және өндіруге мамандандырылған. Қорғаныс министрлігі, ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының МҚК (мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) « Алматы Энерго Сервис » жұмыстарының тұтынушылары болып табылады.
- «Алматы электр станциялары» АҚ электр және жылу энергиясын өндіру мен айналысады. «Алатау жарық компаниясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Алматы жылу желілері» ЖШС, «Алматы электр станциясы» АҚ компаниясының тапсырушылары болып табылады.
- «Алатау жарық компаниясы» АҚ Алматы және Алматы облысы бойынша электр энергиясын таратумен айналысады.





### КОЛЛЕДЖ ӘКІМШІЛІГІ

№ р/б	Қызметі	Тегі, аты-жөні	Кабинеті	Қабылдау уақыты
1	Колледж директоры	Тайтулеев Толеугали Мухамеджанұлы	202А	Сейсенбі, Бейсенбі 14:30-16:30 Сенбі 12:00-14:00
2	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Магазов Ербол Джаруллаевич	202А	Дүйсенбі, жұма 14:30-16:30
3	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Тогайбаева Назира Куандыковна	200 В	Күнделікті
4	Директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары	Ахметказина Айгуль Ордашевна	104 А	Күнделікті
5	Директордың оқу-өндіріс ісі жөніндегі орынбасары	Абильдинов Куатбек Булатович	303В	Күнделікті
6	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Серикбаев Касымжан Омиртаевич	202 В	Күнделікті
7	Сырттай оқу бөлімінің меңгерушісі	Кайранбаев Бейбит Жасболатович	205В	Күнделікті
8	Оқу бөлімі	Ашимова Индира Букеновна	209Б	Күнделікті
9	Кітапхана меңгерушісі	Отепкалиева Жанзия Отепкалиевна	204 А	Күнделікті
10	Психолог	Бергенжанова Балауса Ардаковна	200 В	Күнделікті
11	Медициналық пункт	Алтанбекова Зарина Сабитқызы	110А	Күнделікті
12	Энергетикалық	Караева Бакыт	304Б	Күнделікті

	бөлім меңгерушісі	Сержановна		
13	Энергетикалық бөлім меңгерушісі	Кожаягул Гульнар Кусайновна	203 Б	Күнделікті
14	Радиотехникалық бөлім меңгерушісі	Абдирова Алтынкуль Сагашовна	103В	Күнделікті
15	Жылуэнергетикалық бөлім меңгерушісі	Ешмагамбетов Бауыржан Сатыбалдиевич	305В	Күнделікті
16	Ақпараттық жүйелер және менеджмент бөлім меңгерушісі	Болатова Кулбуби Абдрасиловна	209В	Күнделікті
17	Жастар ісі жөніндегі комитет	Шарипов Тураарбек Нурлыбекович	100 Б	Күнделікті
18	Оқу-кеңес беру орталығының жетекшісі	Смагулов Серик Муратович	303 В	Күнделікті

## СТУДЕНТТІК КҮНТІЗБЕ

№	Іс-шаралар атауы	Нысаны	Өткізу уақыты
1	Білім күні	Салтанатты жиын	Қыркүйек
2	1 курс студенттерін жатақханаға орналастыру	Жиналыс	Қыркүйек
3	Ішкі тәртіп Ережелерімен танысу	Жиналыс	Қыркүйек
4	Оқу жылына топ басшысы мен "Ұлағат" студенттік бірлесе басқару ұйымына жаңа студенттерді қосу.	Жиналыс	Қыркүйек
5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар	флешмоб, акция	Жыл бойы
6	Бірінші курс студенттері арасындағы Спартакиада	Жаттығу	Қыркүйек
7	«Balmuzdaq paty» 1 курс студенттеріне арналған кеш.	Мерекелік концерт	Қазан
8	Ұстаздар күні	Мерекелік концерт	Қазан
9	Мәдениет, өнер, спорт, саясат саласындағы көрнекті қайраткерлерімен кездесу	Кездесу	Жыл бойы
10	«Талант шоу»	Конкурс	Қазан
11	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының "Туған жер" бағыты бойынша экскурсия ұйымдастыру.	Экскурсия	Жыл бойы
12	«КВН», «Жайдарман»	Ойын	Жыл бойы
13	«Студенттер күні»	Мерекелік концерт	Қараша
14	«Тұңғыш Президент күні»	Салтанатты іс-шара	Желтоқсан
15	Жастар ЖҚТБ-ға қарсы	Акция	Желтоқсан
16	«Тәуелсіздік – ел тілегі»	Мерекелік концерт	Желтоқсан
17	Жаңа жылдық бал	Жаңа жылдық қойылым	Желтоқсан
18	Қайырымдылық акциялар. № 5 мектеп-интернат, Ардагерлер үйі	Акция	Жыл бойы

19	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын ілгерілету бойынша іс-шаралар	Конференциялар, дөңгелек үстелдер, флешмобтар, акциялар	Жыл бойы
20	«Жаңа қазақстандық патриотизм-қоғам табысының негізі »	Конференция	Жыл бойы
21	Салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар	Конференциялар, дөңгелек үстелдер, флешмобтар, акциялар	Жыл бойы
22	«Наурыз» мейрамы	Конкурс	Наурыз
23	«Сен өз құқықтары мен міндеттерін білесің бе?»	Викторина, кездесулер, дөңгелек үстелдер, тәрбие сағаттары	Жыл бойы
24	Қалалық сенбіліктерге қатысу	Сенбілік	Жыл бойы
25	«Қазақстан халықтарының бірлігі күні»	Мерекелік концерт	Мамыр
26	Жеңіс күніне арналған саптық дайындық және саптық ән байқауы	Конкурс	Мамыр
27	«ҚР Мемлекеттік рәміздерін құрметте»	Тәрбие сағаттары	Маусым
28	ҚР Мемлекеттік рәміздеріне арналған шығармалар	Конкурс	Мамыр
29	«Отбасы- бақыт мекені» Халықаралық Отбасы күніне арналған дәстүрлі іс-шара	Іс-шара	Мамыр
30	Дін істері жөніндегі департамент өкілдерімен кездесу өткізу	Кездесулер, лекциялар	Жоспар бойынша
31	Бөлім бойынша айлықтар өткізу	Ашық сабақтар , сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер	Жоспар бойынша
32	Студенттердің оқудан тыс уақытын ұйымдастыру	Спорттық және пәндік үйірмелердегі сабақта	Жоспар бойынша

33	Колледж жатақханасында іс-шаралар ұйымдастыру	Конкурстар, мерекелік концерттер, кездесулер, дәрістер	Жоспар бойынша
34	«Колледж түні»	Зияткерлік-спорттық марафон	Маусым



## **КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### ***Колледж студенті құқылы:***

- Намысы мен беделін қорғап, ұжым ішінде өзін сыйлатуға;
- Өз ұсыныстарымен әкімшілік, бөлім меңгерушілері, топ жетекшілері, сонымен қатар, жастар істерінің комитеті арқылы колледж өміріне ықпал етуге;
- Оқу- тәрбие үрдісі талаптарының орындалуына байланысты, міндетті жалпы кәсіптік және техникалық білім алуға;
- Академиялық демалыс алуына және қайта колледж оқуын жалғастыруға;
- Оқу мерзімінде колледждегі оқу дәрісханаларын, зертханаларды және кітапхананы пайдалануға;
- Қазақстан Республикасының ғылым және білім министрлігі бекіткен бұйрығына сәйкес басқа оқу мекемесіне ауысуына.



### ***Колледж студентінің жалпы міндеті:***

1.1 Колледжде жұмыс істейтін және оқитын барлық адамдардың жеке басына және абыройына құрметпен қарау;

1.2 Таңдалған мамандық бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелі және терең меңгеру; өзінің мәдени деңгейін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, дене шынықтыру және спортпен айналысу, өз денсаулығын сақтау және жақсарту;

1.3 Барлық міндетті оқу сабақтарына қатысу және оқу жоспары мен бағдарламаларында көзделген тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындау;

1.4 Әкімшілік пен оқытушылардың өкімдерін уақтылы және дәл орындау, тәртіпті бұзуға жол бермеу;

1.5 Тиісті ережелер мен нұсқаулықтарда көзделген қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтау;

1.6 Колледждің мүлкіне зиян келтірмеу, колледж қабырғасында оқитын мәдени адам ешқашан өзіне вандализм актілерін жасауға мүмкіндік бермейтінін түсіну; колледждің ғимараттары мен құрылыстары мемлекеттік меншік болып табылатынын ұғыну;

1.7 Оқу және зертханалық жабдықтарды сақтау, құрал-саймандарға, компьютерлерге, оргтехникаға ұқыпты қарау. Материалдарды, энергияны, отынды және басқа да материалдық ресурстарды үнемді және ұтымды жұмсауға;

1.8 Оқу компьютерлік кабинеттерде жұмыс істеу ережелерін және колледждің жергілікті желісін пайдалану ережелерін сақтау;

1.9 Колледж кітапханасын пайдалану ережелерін сақтау.

### ***Оқу тәртібі***

1. Колледждегі сабақтар оқу жоспары мен оқу үрдісінің графигіне сәйкес жасалған кесте бойынша жүргізіледі;
2. Оқу кестесі семестрге дайындалып, хабарландыру тақтасына әр семестрдің басталуына 7 күн бұрын ілінеді;
3. Дәрісханадағы тәжірибелік және зертханалық сабақтарды жүргізу үшін әр курс жеке топтарға бөлінеді. Студенттік топ құрамын директор бұйрығымен бекітіледі;
4. Бөлім меңгерушісімен әр топтың ішінде үлгерімі мен тәртібі жақсы студенттер арасынан топ басшысы сайланады;
5. Студент ауырып қалған жағдайда телефон немесе хат арқылы оқу тобының топ жетекшісіне немесе бөлім меңгерушісіне ауырғаны туралы хабарды жеткізу керек;
6. Ауырған студент жазылып, сабаққа келгеннен кейін топ жетекшісіне міндетті түрде Алматы қалалық емханаларынан медициналық анықтама алып келуі тиіс;
7. Себепті жағдаймен сабақтан қалған студент сабақтан қалу себебі туралы топ жетекшісіне түсініктеме беруі қажет;
8. Дәрісханаға оқытушы кіргенде студенттер орнынан тұруы тиіс;
9. Студенттерге сабаққа кешігуге болмайды. Оқытушының рұқсатынсыз қоңырау соғылғаннан кейін дәрісханаға кіруге немесе шығуға рұқсат етілмейді;
10. Студенттер кітапхананы қолдану ережелерін сақтап, кітапхана қорындағы кітаптарды, журналдарды және басқа да материалдарды ұқыпты ұстап, кітапхана тәртібін орындау қажет;
11. Студенттер колледж мүліктеріне, соның ішінде оқу құралдарына, компьютерлерге, құрал-жабдықтарға және т.б. ұқыптылықпен қарауы

тиіс. Әкімшіліктің рұқсатынсыз өз еркімен затты алуға немесе орнын ауыстыруға рұқсат етілмейді;

12. Колледж студенттері оқу орнында тәртіпті және ұқыпты болып, шылым шегуге, сағыз шайнауға, еденге немесе басқа да жерлерге түкіруге тиым салынады.

### **Ішкі тәртіп**

1.1 Студенттер өзімен бірге студент билеті болуы тиіс;

1.2 Студенттерге колледждің оқу зертханаларында оқытушылар мен зертханалардың қызметкерлері болмаған жағдайда тұруға тыйым салынады;

1.3 Колледж бөлмелерінде тыйым салынады:

- сыртқы киімде және бас киімде; шорттарда, жағажай костюмдерінде, спорттық костюмдерде (спорт залдарынан басқа), білім беру мекемесінің мәртебесіне сәйкес келмейтін өзге де киімде болуға;

- сабақ кестесі бойынша өткізу кезінде дәліздер мен аудиторияларда дауыстап сөйлесуге және шулауға, сабақ кезінде оқытушының рұқсатынсыз аудиторияға кіруге, аудиторияларда сыртқы киімді қалдыруға ;

- сабақ кезінде ұялы телефондарды пайдалану;

- спирттік ішімдіктерді ішуге (соның ішінде сыра), колледж ғимаратында, оған жақын жерде де құмар ойындар ойнауға;

- есірткі және уытты заттарды қолдану және таратуға;

- колледж ғимаратында жеке қорғану құралдарын (газ баллондары, газ тапаншалары және т. б.) пайдалану.);

- буфеттен тыс тамақ және сусындар ішуге;

- колледжде демалыс және мереке күндері, сондай-ақ әкімшіліктің арнайы рұқсатынсыз белгіленбеген сағаттарда болу;

- өзімен бірге колледж маңына бөгде адамдарды әкелу;

1.4 Колледжде темекі шегуге тыйым салынады. Колледж аумағында темекі шегуге тыйым салынады, оның ішінде: колледж ғимаратына іргелес кез келген басқа аумақта;

1.5 Студенттерге қызметкерлердің тұрағына жеке автокөлік қоюға тыйым салынады.

### **Студенттер жауапкершілігі**

1.1 Оқу тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін студенттерге келесі тәртіптік жазалардың бірі қолданылуы мүмкін:

а) ескерту;

б) сөгіс;

в) қатаң сөгіс;

г) студенттер арасынан шығару.

Ескерту, сөгіс жариялау және студенттерді оқудан шығару колледж директорының бұйрығымен жүргізіледі.

1.2 Жеке тұлғаға моральдық немесе физикалық зорлық-зомбылыққа байланысты кез келген теріс қылықтар үшін студенттер арасынан шығару керек;

1.3 Егер колледж Жарғысының талаптарын және ішкі тәртіп ережелерін бұзатын әдейі іс-әрекеттер нәтижесінде колледжге материалдық залал келтірілсе, онда кінәлі оқушы ҚР заңнамасымен белгіленген шектерде жауапты болады.

### **Бірыңғай киім үлгісіне қойылатын талаптар**

Колледжде рұқсат етілген форманың үш түрі орнатылған:

- салтанатты;
- спорт;
- күнделікті;

#### **Салтанатты форма.**

1. Салтанатты киім үлгісі ерекше салтанатты іс-шараларды және қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде пайдаланылады.

2. Бозбалалар үшін салтанатты киім үлгісі ашық көйлек және аксессуармен (галстук) толықтырылған классикалық костюмнен тұрады.

3. Қыздар үшін салтанатты киім ашық түсті классикалық блузадан, классикалық юбкадан немесе классикалық шалбардан тұрады.

#### **Спорттық киім**

1. Спорттық киім студенттер дене шынықтыру және спорт сабақтарында қолданылады және оған: футболка, спорттық трус, спорттық трико (костюм), кроссовкалар кіреді.

2. Киім үлгісі ауа райына және дене шынықтыру сабақтарын өткізу орнына сәйкес келуі тиіс. Бұқаралық спорттық іс-шараларға қатысу үшін бас киімдер (кепи, бейсболка және т.б.) сатып алу ұсынылады.

3. Спорттық костюмдер спорт мерекелерін жарыстарды өткізу кезінде дене шынықтырумен айналысу кезінде киіледі.

#### **Күнделікті киім**

1. Ұл балалар:

- қысқа ілгекті, қайырмалы жағасы және қысқа жеңді колледж логотипі бар сұр және қара-көк түсті поло;
- ENERGO логотипі бар тығыз футерден жасалған жылы (бомбер), түсі-аралас (сұр қара түсті);

Төменгі жағына -қара классикалық шалбар, классикалық джинсы рұқсат етіледі;- Жоғары курстастарға бір түсті джемперлер, пуловерлер, кеудешелер, ашық көрінетін суреттер мен жазулары жоқ кеудешелер рұқсат етіледі.

2. Қыздар:

2. - Колледж логотипі бар сұр және қара-көк түсті поло, қысқа ілгекті, қайырмалы жағасы және қысқа жеңді;

- ENERGO логотипі бар тығыз футерден жасалған жылы жоғарғы (бомбер), түсі-аралас (сұр түсті қара);



- Төменгі жағына -қара классикалық юбка( ұзындық тізеден жоғары емес) классикалық шалбар, классикалық джинсы рұқсат етіледі;

## **СТУДЕНТТЕР БІЛІМІН ТЕКСЕРУ**

Колледждің оқу үрдісіндегі білім сапасын басқару мен бақылау жүйесіне келесі қадамдар (бөлімдер) кіреді:

- Студенттердің ағымдық аттестациясы;
- Студенттердің аралық аттестациясы;
- Қорытынды аттестация.

Ағымдық және аралық аттестацияларда мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сай пәннің тақырып, бөлім және жалпы пәнді оқу барысындағы білімі, бейімі және қабілеттілігі тексеріледі. Ағымдық бақылау жазбаша бақылау жұмыстары, рефераттар, ағымдық үй жұмыстары немесе тәжірибелік жұмыстардың есебі ретінде жүргізіліп, студенттердің білімі мен біліктілігін бақылау жүйесі оқу пәндерінің бағдарламаларында қамтылады. Жыл сайын пән бойынша студенттердің аралық аттестациясына талдау жүргізіледі. Арнайы аттестациялық материалдар мен бағалау шарттары жасалынады.

### **Міндетті әскери тіркеу**

"Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу ережелері" 24.01.2017 № 28 негізінде, колледждің 17 жасқа толған білім алушылары жыл сайын қаңтар айынан наурыз айына дейін әскерге шақыру учаскелеріне тіркеледі. Әскери есепке қою үшін колледж келесі құжаттар түрлерін ұсынады:

1. Оқу орнынан анықтама (кадр бөлімінің инспекторы береді, каб.209 Б);
2. Колледж психологының сипаттамасы (каб. 200. В.);
3. Мінездеме (топ кураторы береді).

Талап етілген жері бойынша оқу орнынан анықтама оқу бөлімі (каб.200А) студенттік билет пен жеке куәлікті көрсеткен кезде.

### **БІЛІМ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ МЕН РЕТІ**

Білім қызметіне төлетін төлемақы мемлекеттік стандартқа сай таңдалған мамандық пен оқыту түріне байланысты алынады. Төлем төмендегі талаптар бойынша жүргізіледі:

- 50% төлем – оқуға түскен уақытта;
- 75% төлем – ағымдағы жылдың 25 желтоқсанына дейін;
- 100% төлем – ағымдағы жылдың 25 сәуіріне дейін;

Төлем түрі – колледждің есептік шотына сәйкес төлем жасалады. Басқа оқу орнынан ауысып келген студенттердің төлемақысы директордың бұйрығына сәйкес мерзімнен бастап төленеді.

## **Әр жақтың жауапкершіліктері**

Оқу ақысы уақытында төленбеген жағдайда студент кезекті сессияға жиберілмейді және колледждің студенттер құрамынан шығарылады. Жиналған қарыз ҚР заңдылықтарының негізінде қайтарылады. Оқу ақысының төленбеуі бойынша оқудан шығарылған студентке академиялық анықтама және басқа да құжаттар қарызы толық төленгенше берілмейді. Колледжді бітірген кезде қарызы бар студенттерге, қарызы толық төленгенше диплом берілмейді.

### **Банк реквизиттері:**

г. Алматы 050036 ул. Жандосова, 65

РНН 600 200 000 454

БИН 990340002675

ИИН KZ31856000000010493

БИК KСJBKZKX

АГФ АО «Банк Центр Кредит» г. Алматы



## **КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІЛЕРДІ ҚОЛДАНУ**

Колледж студенттерінің барлығы компьютерлік сыныптар мен компьютерлік желілерді қолдана алады. Студенттер колледждің компьютерлік ресурстарына, оның ішінде компьютерлік сыныптар мен кітапханадағы жабдықтар арқылы ғаламторды, электронды поштаны қолдану мүмкіндігіне ие. Компьютерлік сыныптар сағат 9.00 – 18.00 аралығында компьютерлерді еркін пайдалана алады.

## **КІТАПХАНАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Кітапхана қызметін колледж студенттері, оқытушылар мен қызметкерлер, сол сияқты басқа да оқырмандар қолдануға құқылы.
2. Кітапхананың барлық қызмет түрлері тегін ұсынылады.
3. Әдебиеттерді үйге беру абонементте жүзеге асады. Әдебиеттің бірлік немесе соңғы данасы үйге берілмейді. Оқу залында әдебиеттерді үйге алып кетіп, қолдануға болады.
4. Кітапханаға оқырмандардың жазылу реті: студенттер үшін студенттік билет арқылы, оқытушылар мен қызметкерлер – жеке куәлігі, кадр бөлімінен анықтама және 3x4 өлшеміндегі бір фотосурет талап етіледі.
5. Оқырмандар үшін Ф. 02 КП-12 СМЖ.АГКЭиЭТ түріндегі оқырман формуляры толтырылады. Кітапханаға жазылу кезінде кітапхананы қолданушылар үшін ПР 08 СМЖ ережесімен таныстырылады. АМЭЖЭТК оқырмандары. Ф. 02 КП-12 СМЖ.АГКЭиЭТ түріндегі оқырман формулярына қол қою арқылы бекітеді.
6. Жыл сайын кітапхана өз оқырмандарына кітапханада бекітілген мерзімдегі әдебиеттерді қайта тіркеуден өткізіп отырады. Қайта тіркеуден

өтпеген оқырмандарға кітапхана қызмет көрсетпейді.

7. Оқу орнынан шыққан оқырмандар кітапханадағы тиісті кітаптарын өткізіп, арнайы бетті толтырады.

8. Кітапты, басқа да материалдарды алу кезінде оларды тексеріп, егер қандайда бір ақаулар байқалса, кітапханашыға хабарлау қажет. Басқа жағдайда кітаптың немесе басқа да материалдардың сапасына соңғы пайдаланған оқырман жауапты болады.

10. Кітапхана қорындағы кітапты немесе басқа да материалдарды жоғалтып немесе бүлдірген жағдайда, жауапкершілікке кәметке толмаған студенттердің ата-аналары тартылады.

11. Кітапхана қорындағы кітапты немесе басқа да материалдарды жоғалтып немесе бүлдірген жағдайда сол сияқты кітап немесе материал алып келеді.

### Оқу сабақтарының қоңырау кестесі

#### 1 ауысым

№ оқу сабақ	Апта күндері дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі	Үзіліс уақыты
1	2	3
1.	08 <sup>30</sup> -10 <sup>00</sup>	10 минут
2.	10 <sup>10</sup> -11 <sup>40</sup>	20 минут
3.	12 <sup>00</sup> -13 <sup>30</sup>	10 минут
4.	13 <sup>40</sup> -15 <sup>10</sup>	10 минут

#### 2 ауысым

№ оқу сабақ	Апта күндері дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі	Үзіліс уақыты
1	2	3
00.	10 <sup>10</sup> -11 <sup>40</sup>	10 минут
0.	12 <sup>00</sup> -13 <sup>30</sup>	20 минут
1.	13 <sup>40</sup> -15 <sup>10</sup>	10 минут
2.	15 <sup>20</sup> -16 <sup>50</sup>	10 минут
3.	17 <sup>00</sup> -18 <sup>30</sup>	10 минут
4.	18 <sup>40</sup> -20 <sup>10</sup>	10 минут

АСХАНА корпусының цокольдық қабатында орналасқан, жұмыс уақыты сағат 8:30-17:30;

БУФЕТ-111 а, жұмыс уақыты сағат 9:00 -17:00 ;

МЕДИЦИНАЛЫҚ КАБИНЕТ – 110 а, жұмыс уақыты сағат 8:30-18:00;

КАБИНЕТТЕР СХЕМАСЫ сайтта 3d форматында көрсетілген  
[www.aker65.kz](http://www.aker65.kz) ;

egov кабинеті-102 а;

"ҰЛАҒАТ" студенттік бірлескен басқару кабинеті - 304 б;

"ЖАС ОТАН" кабинеті-301 б;

колледжге келесі маршруттық автобустармен жетуге болады: № 95, 63, 79, 44, 22, 128. 12 троллейбус.

**Ескерту:** Колледж студенттерінің ішкі тәртіп ережелерінің толық мазмұны және оқу үдерісін ұйымдастыру туралы қосымша мәліметтерді (оқу жоспары, оқу процесінің кестесі, сабақ кестесі, практика және т.б.) топ жетекшілерден және әкімшілік мүшелерінен алуға болады, сондай-ақ колледждің ресми сайтынан көруге болады.

